

Мұғалімнің сабақ жоспары

Киелі кітап уақытының 0-ден 4-ке дейінгі деңгейінің
А бөлімінің А11 және А12 сабақтары

Киелі кітаптан білім беру қызметтері (КБҚ)

Ұлыбританияда тіркелген қайырымдылық қоры (CIO 1186004)

КБҚ-ның қызметі:

Иса Мәсіх туралы ақиқатты келер ұрпаққа таныстыру үшін, Киелі кітап сабақтарын бүкіл әлем бойынша жарыққа шығару.

КБҚ-ның аян-мақсаты:

Осындай қызметке бағышталған серіктестердің жаһандық желісін дамытып және қолдай отырып, жас ұрпаққа өз ана тіліндегі толық оқу жоспарымыз арқылы ақиқатты жеткізу.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Киелі кітаптан білім беру қызметі не істейді?

Киелі кітаптан білім беру қызметі ағылшын тілінде Киелі кітап уақыты, Bibletime Going Deeper (бұрынғы NewLife) және Егін орушылардың Киелі кітабы сабақтарын баспадан шығарады. Сондай-ақ, пошталық Киелі кітап мектептері және Ұлыбритания мен шетелдерде КБҚ сабақтарын қолданып жүрген ұйымдарға қолдау көрсетеді. Біз мұны желі арқылы, кеңес беру, тренингтер өткізу, оларға бару арқылы жүзеге асырамыз. Дәл қазір КБҚ басқа елдерде осы сабақтарды аударып, дизайнын жасап, оларды баспадан шығарып, таратумен айналысып жатқан топтармен серіктесе отырып қызмет етіп жатыр. Бұл сабақтар барлық оқырмандарға тегін таратылуы тиіс.

Киелі кітап уақытының сабақтары алғаш рет 50 жыл бұрын оңтүстік Ирландияда қолданылды. Киелі Кітаптан білім беру қызметі Киелі кітап уақытының сабақтарын ағылшын және барлық басқа тілдерде басып шығару жауапкершілігін атқарады. Киелі кітап уақытының сабақтары әдетте А4 форматында басылып шығады. Бұл оқушыларға әрбір төрт апта сайын сабақтарын бағалау үшін Киелі кітап Мектебі Орталығына жіберуге мүмкіндік береді. Жуырда Белфасттағы Эври Хоум Крусейдтің (Қайта өрлеу қозғалысы) арқасында сабақтар А5 форматында басылып шықты. Оны қауымдар мен мектептерде, әсіресе, пошта қызметі нашар дамыған елдерде қолдану әлдеқайда оңайырақ болды.

КБҚ сабақтары үйде немесе топпен (қауымда/мектепте) өтуге болатындай ерекше жасалынған. Оқушылар оны 20 жылға дейін оқи берулеріне болады. Сол үшін жоспарланған силлабусы да бар. Сабақтардың бес деңгейі әрбір жас тобына арналған: мектепке дейінгі, 5-7 жас, 8-10 жас, 11-13 жас, 14-16 жас аралығындағы топтар үшін қолжетімді сабақтар. Әрбір жас тобына арналған үш жылдық силлабусы бар. Жас топтары әр түрлі қабілет деңгейлеріне байланысты өзгеруі мүмкін. Киелі кітап уақыты ресурстары балалардың Киелі кітапты үйренулеріне және оның бүгінгі күні адамдардың өмірінде өзектілігі туралы ойлануларына мүмкіндік береді.

Сабақтардың көшірмесін КБҚ-ның веб-сайтынан www.besweb.com немесе Эннискиллендегі КБҚ офисінен алуға болады. Веб-сайте басқа тілдердегі аудармасын да табуға болады. Егер бізбен серіктес болғыңыз келсе, КБҚ-ның веб-сайтынан бұл жөніндегі құжаттарды көруге болады.

КБҚ-ның байланыс мекен-жайы

КБҚ офисі (ағылшын тіліндегі барлық сабақтардың қоймасы):

37a Белмор к-сі, Эннискиллен, Солтүстік Ирландия, BT74 6AA

Телефоны: 02866 322462

Эл.пошта: info@besweb.com

Веб-сайт: www.besweb.com

Мұғалімнің сабақ жоспары

Мұғалімнің сабақ жоспары Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданып жүрген мұғалімдерге сыныпта/топта оқытуға арналған ұсыныстар мен идеялармен қамтамасыз ету үшін жасалған. Бұл кітапшада олар 0-ден 4-ке дейінгі деңгейлерде қолдану үшін жасалған.

Әрбір сабақтың жоспары Киелі кітап уақытының сабағындағы Киелі кітап сілтемелерімен бірдей жүреді және олар апта сайын пайдалануға арналған. Сәуір айының сабақтары Қайта тірілу мейрамына байланысты және желтоқсан айының сабақтары Исаның туылу күніне негізделіп ерекше өтеді.

Әдетте топ/сынып мұғалімі әр аптада бір айға берілген А4 сабақтарын өткізеді. Егер қажет болса, олар еркін оқу уақытын өткізе алады. Айдың соңында мұғалімдер сабақтарды жинап алып, оларды тексеріп, оқушыларға қайтарып береді.

Мұғалімдерге арналған дайындық

Мұғалім Киелі кітап уақытының сабақтарын қолданғанда, өзінің тобындағы оқушыларға қолайлы идеялар мен инициативаларды пайдалана алады. Келесі ұсыныстар осы ресурсты пайдалануға көмектеседі:

- **Әңгімемен таныс болыңыз.** Мұғалім Киелі кітаптағы әңгімемен және онымен бірге жүретін Киелі кітап уақытының сабақтарымен мүмкіндігінше таныс болғаны жөн. Негізінде Киелі кітап уақытының сабағын сабақ басталмай тұрып, мұғалімнің өзі орындауы қажет. Сабақ жоспарлары да сабақтарды жоспарлауға көмекші құрал ретінде мұқият қарастырылуы қажет.
- **Үйретілуге тиісті сабақты түсініп алыңыз.** Әрбір сабақтың жоғарғы жағында «Біздің үйренетініміз» деген жазу және оның астында үйренетін нәрселердің тізімі бар. Балалар мұғалімнің сабағынан кейін және Киелі кітап уақытының сабағын аяқтағанда осы нәрселерді үйреніп алады деп үміттенеміз.
- **Таныстыру.** Барлық сабақта біз әр түрлі жағдайларға байланысты балалардың қандай тәжірибелері бар екенін білуден бастаймыз. Біз балаларға әңгіменің ең басын талқылауға белсенді қатысулары үшін әңгімені таныстырудың әр түрлі жолдарын ұсындық.
- **Үйрету.** Біз әңгімедегі негізгі ойларды алдын ала беріп қойдық. Әңгімені үйрету барысында оларға сілтеме жасаудың қажеті жоқ, бірақ олар пайдалы нұсқаулық болып табылады. Оларды шабыттандыратын қызықты жолдармен үйретуді көздеңіз. Балалардың назарын аудартып, негізгі ойды түсінулеріне көмектесіңіз. Ол үшін жайлы дауыс ырғағымен сөйлеп, олардың не үйренгендерін тексеру үшін сұрақтар қойыңыз.
- **Көрсетіңіз.** Кейбір жағдайларда көрнекілік құралдарын табу қиын болғанымен, балалардың әңгімені жақсы түсінулері үшін мүмкіндігінше суреттер немесе көрнекілік құралдарын пайдаланған маңызды. Көптеген сабақтарда www.freebibleimages.org (FBI) веб-сайтынан жүктеп алуға болатын суреттер жайлы ақпарат берілген. Әңгімеге/оқуға арналған бұл тікелей сілтемелер кітапшаның соңында берілген А, В және С қосымшаларында жазылған.
- **Үйрену.** Әрбір әңгімеге негізгі аят бекітілген. Осы аяттарды естіп, үйрену балалардың Киелі кітаптағы сөздерді тереңірек білуіне көмектеседі.
- **Аяқтау.** Әдетте мектепте мұғалім оқушылардың жұмысты орындау қабілетін және өз жағынан қаншалықты көмек керек екенін біледі. Кейбір балалар үшін мұғалім сабақта өтетін мәтінді оқып шығуы қажет, өйткені оқушылар өздеріне таныс әңгімеге еріп отырады. Басқа балалар мәтінді өз бетінше оқи алады. Қандай тәсілді қолдансаңыз да, сабақтың қызықты өтуін қадағалаңыз және балаларды еңбектері үшін мақтауды ұмытпаңыз.
- **Қайталау.** Үйренуге көмек болсын деп, тақырыпты қайталау құралы ретінде сөзжұмбақтар мен ойындар, драмалық көріністер ұсынылған.
- **Өмірде қолдану.** Бұл бөлімнің тақырыбы «Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?» деп аталады және осы шақыруға қалай жауап беретініміз жөнінде жеке әрі топтық жұмыстар берілген.



АТЫ:

К.Б.Қ.


Бұлт бейнесіндегі бұл кейіпкер Мысырдан шығу кітабының 13-тарауындағы 21-22 аяттарға негізделіп алынған және Құдайдың қатысын білдіреді. Киелі кітап уақыты еңгімелерінде ол - даналықтың қайнар көзі, өйткені ол «Сұрақ» деген кейіпкерге Құдай туралы үйретіп, бағыт-бағдар беріп отырады. Ол - бәрімізді Құдайдың Сөзін, яғни, Киелі кітапты терең түсініп оқуға жігерлендіретін мейірімді, жылы жүзді кейіпкер.



АТЫ:

СҰРАҚ


Сұрақ - ізденімпаз әрі терең ойланатын кейіпкер. Оның өте көп сұрақтары бар және сұрақ беруден қорықпайды. Ол өзінің сұрақтарына жауап табуға көмектесетін К.Б.Қ мен Нұр атты достарына дана әрі жігер беретін тәлімгерлер ретінде қарайды. Солай істей отырып, ол бәрімізге ең керемет дос болатын Исаны табуға көмектеседі.



АТЫ:

ҮЗІЛІС

Үзіліс – қуанышты әрі көңілді кейіпкер. Ол сөйлемейді, бірақ үзіліс жасайтын уақытты білдіреді. Сөйтіп, біз осыған дейін үйренген нәрселер туралы ойлана аламыз. Сондай-ақ, біз мұқият ойланып болғаннан кейін, Үзіліс біздің жаттығу жасауымызға немесе сұрақтарға жауап беруге кірісу қажеттігін есімізге салады.



АТЫ:

НҰР

Шам бейнесіндегі бұл кейіпкер 118-ші Забур жырындағы 105 аятпен байланысты. Ол Исаға арнап, «шам-шырақтай нұрын шашады». Ол К.Б.Қ-мен бірге Сұрақ кейіпкеріне және бізге Киелі кітаптың Құдай берген нұсқаулық екенін түсінуге көмектеседі. Ол бізге Құдаймен және басқалармен қарым-қатынаста тұрып, Ізгі хабардың шындығына қалай куәгер болуды көрсетеді.

Киелі кітап уақытының силлабусы

	0-деңгей (мектепке дейінгі жас) 1-деңгей (5-7 жас) 2-деңгей (8-10 жас)	3-деңгей (11-13 жас)	4-деңгей (14 жастан жоғары)
БАСТАУШЫ БӨЛІМДЕР	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары	Кіріспе. КБҚ және оның достары
А БӨЛІМІ	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш ағаш 5. Ыбырайым 6. Ыбырайым 7. Петір 8. Петір 9. Жақып 10. Ерте кездегі мәсіхшілер 11. Пауыл 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	1. Жаратылыс 2. Нұх 3. Петір 4. Петір. Айқыш ағаш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мінажат 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	1. Жаратылыс пен күнәға бату 2. Ерте кездегі дамулар– Жаратылыстың басталуы 3. Петір 4. Петір. Айқыш ағаш 5. Петір 6. Ыбырайым 7. Жақып 8. Мәсіхшілік өмір 9. Пауыл 10. Пауыл 11. Пауыл 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер
В БӨЛІМІ	1. Мәсіхтің өмірі 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш ағаш 5. Астарлы әңгімелер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Исаны кездестірген адамдар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш ағаш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жүсіп 7. Жүсіп 8. Ізгі хабарды жазушылар 9. Мұса 10. Мұса 11. Мұса 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	1. Астарлы әңгімелер 2. Кереметтер 3. Бетания 4. Айқыш ағаш 5. Ерте кездегі мәсіхшілер 6. Жақып пен оның отбасы 7. Жүсіп 8. Елші. 2: 42 – Алдағы жол 9. Мұса 10. Мұса 11. Заң 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер
С БӨЛІМІ	1. Даниял 2. Тағы басқа кереметтер 3. Исаны кездестірген адамдар 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут және Самуил 6. Дәуіт 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Жүніс 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	1. Даниял 2. Исаны кездестірген адамдар 3. Тағы басқа кереметтер 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Құдай қолданған адамдар. Көне Өсиет 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	1. Даниял 2. Исаның сөздері 3. Жаратқан Иенің құдіреті 4. Мәсіхтің өлімі 5. Рут 6. Самуил 7. Дәуіт 8. Ешуа 9. Ілияс 10. Еліше 11. Көне Өсиеттегі басқа кейіпкерлер 12. Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер

A11 1-әңгіме
“Пауыл (Саул) Антақияда”

	Біздің үйренетініміз: - Исаға сенетін адамдар мәсіхшілер деп аталады. - Біз Құдайға сенім артқанда, Оның бізге бір ерекше жоспары бар екенін Киелі кітап үйретеді. Ол біздің Өзімен бірге қызмет еткенімізді қалайды. Негізгі аят: Елшілердің істері 11:26 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 11:19-30
ТАНЫСТЫРУ	- Балалардан әр түрлі жағдайларда қандай көмек көрсете алатындарын сұраңыз. Мысалы, мектепте мұғаліміңе қалай көмектесесің? Үй ішінде біреу ауырып қалса, қандай көмек берер едің? - Бүгінгі әңгіме Құдайдың жұмысын атқару үшін екі адамның бір-біріне көмектесуі туралы екенін түсіндіріңіз.
ҮЙРЕТУ	- Иса туралы Ізгі хабар тарап жатты, Құдайдың қауымы өсіп жатты. Кейбір сенушілер Антақия деген қалаға көшіп кетті. Олар сол жерде бұрын естімегендерге Ізгі хабарды уағыздап, көп адам Исаға сенді. (Елш.іст. 11:19-21) - Көп уақыт өтпей-ақ Иерусалимдегі қауым Антақияда болып жатқан керемет жағдайды естіді. <i>Сенушілер қандай сезімде болды екен? (қуанышты)</i> Олар Барнабаны сол жақтағы жағдайды біліп келсін деп, шешім қабылдады. Ол Антақияға барып, көптеген жаңа сенушілерді көріп риза болды. Ол жаңадан сенімге келгендерге тәлім беріп, Исаны сүюге жігерлендіру үшін қолынан келгеннің бәрін істеді. <i>Барнаба қандай адам болды? (Елш.іст. 11:22-24)</i> - Антақияда Барнабаның жұмысы тым көп болғандықтан, оған көмекші керек болды. Құдай оның есіне осыдан бірнеше жыл бұрын кездестірген Саулды салды. Саул Исамен кездескеннен кейін, өзінің туған қаласы Тарсқа қайта оралған болатын. Барнаба Тарсқа барып, қызметке көмектесуі үшін оны Антақияға алып келді. (Елш.іст. 11:25-26) - Антақия Пауылдың (Саулдың) алғашқы елшілік қызметін бастаған қала болғандықтан, ол маңызды жер болғанын түсіндіріңіз. Бұл Құдайдың оған дайындаған ерекше қызметі болатын. Саул мен Барнаба бір жыл бойы Антақияда сенушілерге тәлім берумен болды. Сол уақытта Иса Мәсіхке сенген адамдар алғаш рет мәсіхшілер деп аталды. (Елш.іст. 11:26) - Исаға сенген адамдар мәсіхшілер деп атала бастады. Мәсіхтің аты оларға ортақ болды. Киелі кітапта Құдайдың барлық мәсіхшілерге арналған ерекше жоспары бар екенін айтады. Ол мәсіхшілердің Өз қызметінде көмекшілері болғанын қалайды. - Құдай мәсіхшілерді Өзінің көмекшілері ретінде қандай жолдармен қолдана алатынын талқылаңыз. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл (Саул) Антақияда
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Елшілердің істері 11:26. «Мәсіхші» деген сөздің мағынасын қайта атап көрсетіңіз.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Қауым қай қалада өсіп жатты? - Иерусалимдегі бауырластар Антақияға кімді жіберді? - Барнаба Антақияда не істеді? - Көп уақыт өтпей-ақ Барнабаға не қажет болды? - Барнаба кімді іздеуге барды? - Барнаба мен Саул Антақияда қанша уақыт болды? - Исаға сенген адамдар қалай аталды? - Саул Кімнің жұмысын атқарды?

A11 2-әңгіме
“Пауыл (Саул) Кипрде”

	Біздің үйренетініміз: - Киелі кітап біздің басқаларға Иса туралы айтуымыз қажет екенін үйретеді. - Бүгінгі кездегі адамдар Исаның соңынан еруді немесе Оның хабарынан бас тартуды таңдай алады. Негізгі аят: Матай 28:19 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 13:1-12
ТАНЫСТЫРУ	- Бүгінгі әңгіме Пауылдың (аты өзгергенін ескертіңіз), Барнабаның және Жохан Марқаның адамдарға Иса туралы айтқандары жөнінде екенін балаларға түсіндіріңіз. - Балалардың екі-екіден отырып, Иса туралы не білетіндерін бөлісулерін сұраңыз.
ҮЙРЕТУ	- Бір күні Антакиядағы сенушілер бірге жиналды. Пауыл мен Барнаба сол жерде болатын. Киелі Рух басқа жетекшілерге Пауыл мен Барнабаға арналған Құдайдың ерекше қызметі барын анық айтты. Сол туралы мінажат етіп сиынғаннан кейін Барнаба, Саул және Жохан Марқа (Барнабаның жас жиені) қайыққа отырып, Кипр аралына жүзіп кетті. (Елш.іст. 13:1-4) - Сол жаққа жеткенде олар қаланы аралап, Ізгі хабарды жариялады. Паф деген қалада олар арал әміршісіне қызмет ететін сиқыршыны кездестірді. Арал әміршісі Саул мен Барнаба туралы естіп, олармен кездескісі келді. Ол Құдайдың Сөзін естіді, бірақ сиқыршы Елума оның сенімді қабылдауына кедергі жасамақ болды. (Елш.іст. 13:5-8) - Саул сиқыршының шайтанның жұмысымен айналысып жүргенін білді. Саул Киелі Рухқа кенелді. Ол сиқыршыға тура қарап, шайтанның жұмысын істеп жүргенін және Құдайдың оның көзін көрмейтін қылатынын айтты. Сол сәтте Елұманың көзі көрмей қалып, қолынан ұстап жетектейтін адам іздеп, сипаланды да қалды. (Елш.іст. 13:9-11) - Арал әміршісі Құдайдың құдіретінің ұлылығын көріп, Исаға сенді. (Елш.іст. 13:12) - Пауыл, Барнаба, Жохан Марқа және арал әміршісі Исаға сенуді таңдаса, Елума олай істемеді. Киелі кітап Исаның бәрінің Өзіне сенгенін қалайтынын айтады. - Киелі кітап неліктен Иса туралы Ізгі хабардың бәрінен де маңызды екенін анық айтады? - Басқа елдерде Иса туралы Ізгі хабарды айтып жүрген мәсіхшілерді танисыңдар ма? - Мәсіхшілер басқаларға Иса туралы қалай айта алады? Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл (Саул) Кипрде
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Матай 8:19 Бұл Исаның көкке көтерілмей тұрып айтып кеткен сөздері екенін түсіндіріңіз. Жер бетіндегі барлық ұлттар Иса туралы Ізгі хабарды естулері қажет. Бұл - Құдайдың жоспары.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Пауыл мен Барнабаны ерекше қызметке жіберген Кім? - Олармен бірге кім барды? - Олар қалай саяхаттады? - Олар барған арал қалай аталады? - Олар Паф қаласында кімдермен кездесті? - Паф қаласында кім Исаға сенді? - Сиқыршыға не болды? - Бүгінгі негізгі аятты кім жазған?

A11 3-әңгіме
“Пауылдың Лүдияны кездестіруі”

	Біздің үйренетініміз: - Киелі кітап Исаға сенген әркімнің құтқарылатынын растайды. - Мәсіхшілер Құдаймен барлық жерде және барлық тақырыпта сөйлесе алатындарын біледі. Негізгі аят: Елшілердің істері 2:21 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 16:6-15
ТАНЫСТЫРУ	- Балалардан алыс жерге сапарға шығып көрген кездері туралы сұраңыз. Олар қайда барды? Сол жаққа бару үшін қанша уақыт кетті? Олар кімдерді көрді? - Бүгінгі әңгіме Пауыл мен жолдастарының сапарлары жөнінде екенін түсіндіріңіз.
ҮЙРЕТУ	- Пауыл мен оның екі досы Сыйлас пен Тимоте ұзақ жол жүріп, бір елден екінші елге барды. Құдай олардың қай жерге баруларын қалағанын Киелі Рух нақты көрсетті. Олар қайда барса да, Иса туралы естуі қажет көптеген адам кездесті. (Елш.іст. 16:6-8) - Ақырында олар теңіздің жағасындағы бір қалаға келіп жетті. Сол түні Пауыл ерекше аян көріп, бір македониялық адам оның келіп, көмек беруін жалбарынып сұрады. Құдай олардың келесіде қай жерге барулары керек екенін нақты көрсетіп тұрғанын Пауыл білді. (Елш.іст. 16:9-10) - Құдай сол жақтағы адамдардың Иса туралы естігендерін қалағандықтан, Пауыл мен достарын сонда жібергенін түсіндіріңіз. Құдай әрбір адамның Иса туралы естігендерін қалайтынын Киелі кітап растайды. - Олар сол жаққа қарай жүзетін кемені тез тауып алды. Олар Філіпі деп аталатын қалаға келіп жетті. Демалыс күні Пауыл мен достары қаланың сыртындағы өзеннің жағасына барды. Сол жерде сиыну үшін әйелдер жиналған екен. (Елш.іст. 16:11-13) Олар өзеннің жағасында Құдайға сиынып мінажат етіп жатты. Біз қай жерде болсақ та, Құдаймен сөйлесе алатынымызды Киелі кітап айтады. - Әйелдердің бірі Лүдия еді. Ол қызыл мата сатушы болатын. Ол Құдайға көптен бері сенетін, бірақ Құдайдың Ұлы Иса жөнінде ешқашан естімеген екен. Лүдия Пауылдың айтқандарының бәрін мұқият тыңдады. Ол естігендерінің шындық екенін жүрегінде білді. Сөйтіп, ол Исаға сенді. (Елш.іст. 16:14-15) Лүдияның үй іші де Исаға сеніп, мәсіхшілер болды. Олар бәрі шомылдыру рәсімінен өтіп, Пауыл мен достарын үйлерінде қалуға шақырды. - Балалардан Құдаймен не жайында сөйлесуге болатынын сұраңыз. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауылдың Лүдияны кездестіруі
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Елшілердің істері 2:21. Құдайдың атын атап сиыну дегеніміз Одан күнәмізден құтқаруын сұрау дегенді білдіреді. Бүгінгі әңгімеде Лүдия дәл солай істеді.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Пауылдың достарының біреуін ата. - Құдайдың олардың қайда барғандарын қалайтынын Кім көрсетті? - Пауыл түсінде не көрді? - Пауыл мен достары Македонияға қалай жетті? - Пауыл мен достары әйелдерді қай жерде кездестірді? - Олар не істеп жатты? - Лүдия қандай жұмыс істеді? - Лүдия Иса туралы естігенде, не істеді?

A11 4-әңгіме
«Пауыл мен Сыйлас түрмеде»

	Біздің үйренетініміз: • Біз құтқарылуымыз үшін Исаға сенуіміз қажет екенін Киелі кітап айтады. • Исаның Құтқарушы екеніне мәсіхшілер қуанады. Негізгі аят: Елшілердің істері 16:31 Киелі кітаптан үзінді: Елшілердің істері 16:16-34
ТАНЫСТЫРУ	• Балаларды бақытты ететін не нәрсе екенін өздерінен сұрап көріңіз. • Бүгінгі әңгімеде бірнеше бақытты адамдар бар екенін балаларға айтыңыз. Олардың кім екенін білу үшін әңгімені мұқият тыңдауларын сұраңыз.
ҮЙРЕТУ	• Бір күні Пауыл мен Сыйлас Філіпіде болған кезде бір малай қызға көмектесті. Бұл жағдай қыздың қожайындарын қатты ашуландырды. Олар Пауыл мен Сыйласты базар алаңына сүйреп апарып, олар туралы жалған сөздер айтты. (Елш.іст. 16:16-21) • Пауыл мен Сыйласты дүре соқтырып, түрмеге жапты. Түрме бастығы екеуін шынжырлап, аяқтарын ағаш қысқыштармен бұғаулап қойды. (Елш.іст. 16:22-24) <i>Пауыл мен Сыйлас осы кезде қандай сезімде болуы тиіс деп ойлайсыңдар?</i> • Түн ортасында басқа тұтқындар Пауыл мен Сыйластың Құдайға сиынып, Оны ән-жыр айтып мадақтағандарын естіді. Олар ұрылып, соғылса да, Құдайды мадақтады! (Елш.іст. 16:25) • Кенет басқа дыбыс естілді. Барлығы шайқалып кетті. Есіктер ашылып, шынжырлар шешіліп түсіп қалды. Бұл жер сілкінісі болатын. (Елш.іст. 16:26) • Түрме бастығы оянып, түрме есіктерінің ашылып қалғанын байқады. <i>Ол ең алдымен не туралы ойлады екен?</i> Пауыл оның қорықпауын, барлық тұтқындардың осында екенін айтты. (Елш.іст. 16:27-28) • Түрме бастығы өзінің күнәкар екенін біліп, Пауылдан құтқарылу үшін не істеуі керек екенін сұрады. Пауыл: «Иеміз Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй ішің де құтқарыласыңдар!» - деп жауап берді. Пауыл мен Сыйлас түрме бастығы мен оның отбасына Исаның айқыш ағашта күнәміз үшін өлгенін түсіндірді. Түрме бастығы Пауыл мен Сыйласты өз үйіне апарып, жараларын жуып, тамақтандырды. Бұл түн түрме бастығы мен оның үй іші үшін өте бақытты түн болды. Себебі олардың бәрі Исаға сенді. (Елш.іст. 16:29-34) • <i>Осы әңгімеде кім бақытты болды? Олар неліктен бақытты болды? Пауыл мен Сыйлас, түрме бастығы мен оның үй іші туралы әңгімелесуге балаларды жетелеңіз. Иса бұл адамдарды құтқарып алғандықтан, олар соншама бақытты болғанын түсіндіріңіз.</i> • <i>Біз де күнәларымыздан құтқарылуымыз қажет екенін Киелі кітап үйретеді.</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Пауыл мен Сыйлас түрмеде
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Елшілердің істері 16:31
ЕСТЕ САҚТАУ	• Пауыл мен Сыйлас кімге көмектесті? • Пауыл мен Сыйласқа не болды? • Пауыл мен Сыйлас түн ортасында не істеді? • Олар ән-жыр айтып отырғанда не болды? • Жер сілкінгеннен кейін түрме бастығы неліктен қорықты? • Түрме бастығы Пауыл мен Сыйластан не сұрады? • Пауыл мен Сыйлас оған не деді? • Түрме бастығы сол түні не істеді? • Осы сабақтан біз нені үйрене аламыз?

A12 1-әңгіме
Зәкәрия мен Елізабет

	Біздің үйренетініміз: - Құдай дұғаға жауап беретінін Киелі кітап растайды. - Құдай дұғамызға біздің емес, Өзінің уақытында жауап беретінін Киелі кітап анық айтады. Негізгі аят: Лұқа 1:13 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 1:5-25
ТАНЫСТЫРУ	- Балалармен отбасы тақырыбы туралы сезімталдықпен бөлісіңіз. Отбасындағы нәрестелер және үлкен отбасы туралы әңгімелесіңіз. Әдетте сәбилер адамдарға қуаныш алып келеді. - Балалардан нені қатты қалайтындарын сұраңыз. Олар соны неліктен қалайтындарын түсіндіре алар ма екен? Бүгінгі әңгімедегі ерлі-зайыптылар да осындай сезімде болды. Олар балалы болуды қалады.
ҮЙРЕТУ	- Зәкәрия мен Елізабет балалы болуды аңсады. Олардың жастары ұлғайған сайын көптеген достарының балалы-шағалы болғанын көрді, бірақ өздерінде бала болмады. <i>Олар қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар? Зәкәрия мен Елізабеттің балалары болмағандықтан, оларға не жетіспеді? Балалардың өз отбасына немесе мәдениетіне сүйеніп жауап берулеріне мүмкіндік беріңіз. (Лұқа 1:5-7)</i> - Олар бұл туралы Құдайға сиынуға бел буды. Олар Құдайдың дұғаға жауап бере алатынын білді. (Лұқа 1:13) <i>Біз әр түрлі жағдайлар туралы мінажат етіп сиына алатынымызды Киелі кітап үйрететінін атап өтіңіз.</i> - Құдай олардың дұғасын естіп, Зәкәрия ғибадатханада қызметін атқарып жүрген кезде Өзінің періштесін жібереді. <i>Періште пайда болғанда, Зәкәрия қандай сезімде болды деп ойлайсыңдар?</i> Періште оның қорықпауын айтып, Елізабеттің ұлды болатынын және оның аты Жақия болуы керек екені туралы хабарды жеткізді. (Лұқа 1:8-13) - Зәкәрия өзіне айтылған хабарға сене алмады. Олар Елізабет екеуі балалы болатын жастан әлдеқайда асып кеткенбіз деп ойлады. Ол Құдайдан келген хабарға сенбегендіктен, періште оның ұлы туылғанға дейін сөйлей алмайтын мылқау болып қалатынын айтты. (Лұқа 1:18-20) <i>Мәсіхшілер Зәкәриядан маңызды сабақ үйрене алады. Дұға еткенде, Құдайдың жауап беретініне сенім артуға тиіспіз.</i> <i>Бүгін не үшін сиына алатынымыз жөнінде ойланып көріңдер.</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Зәкәрия мен Елізабет
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 1:13
ЕСТЕ САҚТАУ	- Зәкәрия кімге үйленген еді? - Ол нені қатты аңсады? - Зәкәрия мен Елізабет Кімге сиынды? - Зәкәриямен ғибадатханада кездесу үшін кім келді? - Періште пайда болғанда Зәкәрия қандай сезімде болды? - Періште қандай хабар алып келді? - Зәкәрия хабарға сенбегендіктен, оған не болды? - Біз, мәсіхшілер ретінде, сиыңғанда қандай маңызды шындыққа сенуіміз қажет?

A12 2-әңгіме
“Мәриям мен Жәбірейіл періште”

	Біздің үйренетініміз: - Мәриям періштенің әкелген хабарының орындалуы мүмкін емес болып көрінсе де, оны қабылдады. - Киелі кітапта Құдайдың мүмкін емес сияқты болып көрінетін нәрселерді істей алатынын айтылған. Негізгі аят: Лұқа 1:37 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 1:26-38
ТАНЫСТЫРУ	Алдыңға аптада Зәкәрия мен Елізабеттің ұлды болатынын айтқан періштенің хабары жайында әңгімені қайталаңыз. Көп уақыт өтпей Құдай тағы бір ерекше кездесуге періштесін жіберді.
ҮЙРЕТУ	<i>Мәриям мен Елізабетті салыстырыңыз.</i> Мәриям Жүсіп деген жігітке атастырылған, Назарет қаласында тұратын жас қыз болатын. Бір күні оған Жәбірейіл періште келді. (Лұқа 1:26-27) <i>Балаларға мұның кәдімгі жағдай емес екенін және Мәриямның қорқып кеткені де табиғи нәрсе екенін түсінуге көмектесіңіз.</i> - Періште оған: «Қорықпа!» - деді. Жәбірейіл періште Мәриямның ұлды болатынын айтқанда, ол мұқият тыңдады. Мәриям сәл абдырап қалды, себебі ол әлі күйеуге шықпаған болатын. Періште оған бұл ерекше сәбиді Құдай Киелі Рух беретінін айтты. Оның атын Иса деп қоюы керек еді. (Лұқа 1:29-34) - Иса жер бетінде туылған балалардың ішіндегі ең ұлысы әрі Құдайдың Ұлы болмақ. Бұны түсіну қиынға соққан шығар, бірақ періште Мәриямға Құдай үшін ештеңенің мүмкін емес екенін айтты. (Лұқа 1:35-37) - Мәриям өзіне айтылған хабарға сенді. Ол Құдайдың Өз Ұлын осы әлемге жіберу жоспарының бір бөлігі болуға дайын болды. Исаның туылуы таңғажайып керемет болмақ. (Лұқа 1:38) <i>Сенуге қиын нәрсені біреу сендерге уәде еткен кездер болды ма?</i> <i>Мәриям періштеге неліктен сенді деп ойлайсыңдар? Құдай біздің әрқайсымыздың дәл Мәриям сияқты Оған сенім артпа алғанымызды қалайтынын Киелі кітап үйретеді.</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мәриям мен Жәбірейіл періште
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 1:37 Киелі кітапта Құдай істеген тағы басқа мүмкін емес нәрселер туралы балалар біле ме екен? Осы себептен сенушілер Құдайды құдіретті болғаны үшін мадақтайды.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Мәриям қайда тұрды? - Мәриям кімге атастырылған еді? - Мәриямға келген періштенің аты кім еді? - Періштенің әкелген хабарын естігенде, Мәриям неліктен абдырап қалды? - Дүниеге келетін Сәби қалай ерекше болмақ? - Мәриям хабарды естігенде не істеді? - Мәриям бізге қалай жақсы үлгі бола алады? - Сенушілер Құдайды неліктен мадақтайды?

A12 3-әңгіме
“Жақияның дүниеге келуі”

	Біздің үйренетініміз: - Құдай Зәкәрия мен Елізабетке берген уәдесін орындады. - Құдайдың бізге де берген уәделерін орындайтыны туралы Киелі кітапта жазылған. Негізгі аят: Лұқа 1:76 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 1:57-80
ТАНЫСТЫРУ	- Бірнеше ай бойы сөйлей алмай мылқау болудың қандай екенін талқылаңыз. Зәкәрия періштенің хабарына сенбегенде, оның мылқау болып қалғанын балалардың есіне түсіріңіз. - Жаңа жылда немесе туған күнде көптен күтіп жүрген сыйлығыңды алған қалай болады? Періште уәде еткендей Зәкәрия мен Елізабеттің кішкентай ұлдары туылған кезде, олар дәл сондай сезімде болды. Олар үшін бұл ерекше уақыт болды.
ҮЙРЕТУ	- Отбасына сәби туылғанда, олардың көршілері оны әкесі сияқты Зәкәрия деп аталғанын қалады. Елізабет оларға баланың аты Жақия болатынын айтты. (Лұқа 1:57- 60) <i>Неліктен Елізабет баланың аты Жақия болатынын айтты?</i> - Баланың аты туралы Зәкәриядан сұрағанда, ол бір тақтайшаға: «Оның есімі Жақия болады!»- деп жазды. (Лұқа 1:62-63) - Сол сәтте-ақ Зәкәрияға қайтадан тіл бітті. Ол Құдайға алғыс айтып, Оны мадақтады. <i>Зәкәрия неліктен бұлай етті? Құдай уәдесінде тұрды. Зәкәрияның қуанышы қойнына сыймай, ол Құдайдың жуырда бұдан да керемет істер істейтінін білді. Барлығы көрген жағдайға қатты таңғалды. (Лұқа 1:64-66)</i> - Жақия ерекше бала болды. <i>Неге? Оның әке-шешесі Жақияны көптен күткенін бірақ одан да маңыздысы ол Исаға жол дайындайтынын балалардың есіне салыңыз.</i> - Құдай бізге де берген уәделерінде тұратынын Киелі кітап растайды. <i>Киелі кітапта Оның бізге берген бірнеше уәделерін атап өтіңіз.</i> Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жақияның туылуы
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 1:76 Бұл аят Зәкәрияның Құдайға арнаған мадақтау жырынан алынғанын балаларға түсіндіріңіз.
ЕСТЕ САҚТАУ	- Елізабеттің күйеуі кім болды? - Ол неліктен мылқау болды? - Көршілері баланы қалай атамақшы болды? - Зәкәрия мен Елізабет баланы неліктен Жақия деп атады? - Зәкәрия қашан қайта сөйлей бастады? - Жақия қандай ерекше қызмет атқармақ? Жасау: Балалар Жақияның туылуы туралы хабарландыру карточкасын жасай алады.

А12 4-әңгіме
“Исаның дүниеге келуі”

	Біздің үйренетініміз: - Иса біздің Құтқарушымыз болу үшін келген Құдайдың Ұлы екенін Киелі кітап айтады. - Исаны бізге жіберуі арқылы Құдайдың көрсеткен ұлы сүйіспеншілігі үшін мәсіхшілер алғыс айтады. Негізгі аят: Лұқа 2:7 Киелі кітаптан үзінді: Лұқа 2:1-7
ТАНЫСТЫРУ	- Соңғы минуттарда жоспардың қалай өзгеріп кететіні жайында әңгімелесіңіз. Сіздің мәдениетіңізге жақын, балалардың өмірінен немесе өз өміріңізден мысал келтіріңіз. - Мәриямның ұлы дүниеге келетін уақыт жақындап қалғанын түсіндіріңіз. Сәби Жүсіп пен Мәриям тұрып жатқан Назаретте туылса оңайырақ болар еді, бірақ...
ҮЙРЕТУ	- Рим патшасы барлық тұрғындардың тізімге тіркелуі үшін өзінің атамекеніне қайта оралуы туралы бұйрық берді. Жүсіп пен Мәриямның Бетлехемге қарай жолға шығуларына тура келді. (Лұқа 2:1-5) Қалалардың ара қашықтығы туралы түсіндіріңіз. Бұл шамамен жүз жиырма сегіз шақырым, яғни, 4 күндік жол болатын. Осындай ұзақ жол жүру қалай болар еді? (2-деңгейдің балаларына бұл Сәбидің Бетлехемде туылуы Құдайдың жоспарында болғанын айтуыңызға болады.) - Қалаға жеткенде, адамның көптігінен оларға тұратын орын табылмады. Бұл уәде етілген Сәбидің туылу уақыты жетіп қалған кез еді. Олар мал тұратын қораға келіп тоқтады. (Лұқа 2:6-7) - Иса туылғанда, Оны жөргекке құндақтап, малға шөп салатын ақырға жатқызды. (Лұқа 2:6-7) Иса неліктен жөргекке құндақталып, шөп салатын ақырға жатқызылды? Балаларға сондай лас, жаман деп саналатын жерде туылған Сәбидің ұлылығын бағалауға көмектесіңіз. Сіздің мәдениетіңізде балалардың қай жерде туылатынын салыстыруға болады. - Киелі кітап бізге Иса сияқты тағы басқа ешбір сәбидің болмағанын айтады. Ол – Құдайдың Ұлы. Ол бізді күнәмыздан құтқару үшін Көкті тастап, жер бетінде туылуға дайын болды. (Матай 1:21) - Исаның туылу мейрамы осы жайында. Мәсіхшілер Құтқарушыны жіберуі арқылы көрсеткен сүйіспеншілігі үшін Құдайға алғыс білдіреді. Киелі кітап уақыты сабағын аяқтаңыз. Көрсетіңіз: А қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Исаның дүниеге келуі. www.bibleforchildren/the birth of Jesus.
ҮЙРЕНУ	Негізгі аятты қажетті жерінде үйретіп, түсіндіріңіз. Лұқа 2:7
ЕСТЕ САҚТАУ	- Жүсіп кімге үйленді? - Жүсіп пен Мәриям қайда тұрды? - Жүсіп пен Мәриям қайда жолға шықты? - Жүсіп пен Мәриям неліктен Бетлехемге келді? - Олар неліктен мал ұстайтын қорада болды? - Сәби Иса қайда жатты? - Иса неліктен ерекше болды? - Біздің Құтқарушыға мұқтаж екенімізді Киелі кітап неліктен айтады?

Деңгей 3-4	A11 3-ДЕҢГЕЙ 1-сабақ. Пауылдың басынан көшкендері Тақырып: Басқалармен бөлісу	A11 4- ДЕҢГЕЙ 1-талдау. Пауылдың басына түскен сынақ Тақырып: Иерусалим және тобыр
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 18:1-11</i> Негізгі аяттар: Елшілердің істері 18:9-10 Біздің үйренетініміз: 1. Пауыл барған жерінің бәрінде Исаның Мәсіх екенін жариялады. 2. Киелі кітапта Құдайдың Пауылмен бірге болғаны және түсінде оған жігер бергені айтылған.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 21:17-40; 22:1-30</i> Негізгі аяттар: Елшілердің істері 22:14, 15 Біздің үйренетініміз: 1. Пауылды ғибадатханада тұтқындағаннан кейін, ол жиналған халықтың алдында куәлік келтірді. 2. Яһудилер басқа ұлт адамдарының Ізгі хабарды қабылдағаны жөнінде шындықты жек көрді. 3. Олар Пауылды ұра бастағанда, ол өзінің Рим азаматтығына жүгінді.
ТАНЫСТЫРУ	Басқалардан жігер алудың маңыздылығы мен мағынасын талқылаңыз. Өздері біреуден қабылдаған жігер туралы айтып беруін балалардан сұраңыз.	Пауыл Иерусалимге келгенде болған қарсыластықты қысқаша таныстырып өтіңіз. «Шейіт болғандардың даусы» деген веб-сайтты (қосымша ақпарат көзі) қолданып, Мәсіх туралы куәлік келтірген, азап шегуден қорықпаған мәсіхшілер туралы мысал келтіріңіз. Мәсіхшілер неліктен осылай істейтінін балалардан сұраңыз.
АЯҚТАУ/ТОЛЫҚ ТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауыл Қорынтқа келіп, Ақила мен Прискиланы кездестірді. Олар Пауылдың көмекшісі болды. 2. Өдеттегідей ол әр демалыс сайын мәжілісханаға барып, яһудилерге Исаның өздері күтіп жүрген Мәсіх екенін айтты. 3. Яһудилер қоқан-лоқы көрсеткенде, ол мәжілісхананың жанындағы үйге барып, басқа ұлт адамдарына көбірек уағыздады. Олардың көбі Иемізге сеніп, шомылдыру рәсімінен өтті. 4. 18:9-аят. Құдай Қорынт қаласында Пауылға жар болып, қорғайтынын айтып, жігерлендірді. Мұның Пауыл үшін қандай тамаша жігер болғанын түсіндіріңіз. 5. <i>Пауылдың Ізгі хабарды қалай таратқанына ерекше назар аударыңыз. (4, 11-аяттар)</i> 6. <i>Қорынт қаласында Құдайдың Сөзі қалай тарағаны және шомылдыру рәсімінің маңыздылығы жөнінде талқылаңыз.</i> Негізгі аяттарды үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Басқалармен бөлісу	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауыл Иерусалимге келіп, ғибадатханаға барды. Оған өзге ұлт адамдарын ғибадатханаға кіргізді деген жалған айып тағылып, толқу басталды. 2. Римдік мыңбасы Пауылды құтқарып алды және оның баспалдақ сатысында тұрып, халыққа сөйлеуіне рұқсат берді. 3. Пауыл өте нақты куәлік келтірді. (22:1-21) Ол өзінің басқа ұлт адамдарына жіберілгенін айтқанда, халық тағы көтеріліп кетті. 4. Оны қамалға алып кетті. Пауыл өзінің Рим азаматы екенін және қылмысы дәлелденбейінше қамшылап соғуға болмайтынын түсіндіргенде, оны жазалайын деп жатқандар дереу тоқтады. 5. Пауыл неліктен ғибадатханаға барғанын түсіндіріңіз. 6. Пауылдың қалай өзгергеніне ерекше көңіл бөліңіз. 7. Жиналған халық неліктен Пауылға қарсы шыққанын түсіндіріңіз. Негізгі аяттарды үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Иерусалим және тобыр
ҚАЙТАЛАУ	Сұрақтар қойып, сабақты қайталау. Шомылдыру рәсімінің маңызды қағидалары жөнінде тақтада жұмыс жасау (күнә/өзің үшін өлу, Мәсіхпен бірге жерлену, Мәсіхпен бірге жаңа өмірге қайта тірілу).	Пауыл Иерусалимде болғанда, ғибадатханаға барғаны дана шешім болды ма әлде жоқ па? Балалармен пікір таластыру.

**ӨМІРДЕ
ҚОЛДАНУ**

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:

1. **Забур 22-ші** оқу және Құдайдың бірге болатыны туралы уәдесі мәсіхшілер үшін қалай жігер болатыны жөнінде ойлану.
2. Қазіргі кезде біз басқаларға қандай жолдармен жігер бере алатынымыз туралы тізім жасау. Осы тізімді орындауға шақыру тастау.

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:

1. Дүниежүзінде мәсіхшілер күн сайын тұтқындалады. Бұндай жағдай олардың өміріне және отбасына қалай әсер ететіні жайында ойлану. Олар қалай жігерлене алады?
2. Басқаларға куәлік еткенде мәсіхшілердің Құдайдан көмек пен батылдық сұрауы қаншалықты маңызды?

Деггей 3-4	A11 - ДЕҢГЕЙ 3 2-сабақ. Пауылдың басынан көшкендері Тақырып: Оны өлтіру жоспары	A11 - ДЕҢГЕЙ 4 2-талдау. Пауылдың төргелуі Тақырып: Кесария және әміршілер
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 23:10-24, 24:22-27</i> Негізгі аят: <i>Забур 17:31</i> Біздің үйренетініміз: 1. Яһудилер Пауылды өлтірмек болғанда, Құдай оған жігер берді. 2. Пауыл түрмеде отырса да, Құдайдың Сөзін адалдықпен уағыздауын жалғастырды.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 23:23-26, 24:1-27, 25:1-12</i> Негізгі аят: <i>1 Петір 3:15</i> Біздің үйренетініміз: 1. Пауыл қауіпсіздігі үшін Кесарияға жөнелтілді және соңында римдік патша алдында сотталуын талап етті. 2. Басына түскен әр қилы тергеулерде Пауыл әділдік, ұстамдылық пен болашақ қиямет соты туралы уағыздады. (24:25)
ТАНЫСТЫРУ	Пауыл өмір сүрген заманда Рим империясы күшті болғанын балалардың есіне салыңыз. Қалқанның не екенін түсіндіріңіз. Көне грек-рим заманындағы римдік жасақшының қалқан ұстап тұрған суретін көрсетіңіз. Құдайдың Өз адамдарына қалай қалқан болатынын түсіндіріңіз. Балалардың негізгі аятты үйреніп алуларына жігер беріңіз. Забур 17:31	Мартин Лютердің өмірін, оның 1521 жылы Императорлық Вормс Диетінде Мәсіхті жақтағаны туралы оқиғаны байланыстырыңыз. Вормста Лютердің айтқан мынадай сөздері туралы ойланыңыз: «Егер мен Жазбалар мен анық ақылға сенімді болмасам... менің ар-ұжданым Құдай Сөзінің тұтқынында. Мен ештеңеден бас тарта алмаймын және бас тартпаймын, өйткені ар-ұжданға қарсы шығу дұрыс та, қауіпсіз де емес. Құдай, маған көмек бере гөр! Әумин!» Мұны Пауылдың басынан өткен оқиғаларға кіріспе ретінде қолданыңыз.
АЯҚТАҢЫЗ/ТОЛЫҚТЫРЫҢЫЗ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауылды діншіл яһудилердің Жоғары кеңесіне алып келді. 2. Пауыл қайта тірілу туралы сөз қозғағандықтан, сол жерде үлкен айқай-шу болды, себебі кейбіреулері бұған сенсе, басқалары сенбеді. (23:9) 3. Пауылдың өміріне қауіп төнді. Сол себепті римдік мыңбасы оны құтқарып қалды. 4. Сол түні Жаратқан Ие Пауылдың қасында пайда болып, оның батыл болуын әрі Ізгі хабарды ары қарай тарату үшін Римге баратынын айтты. 5. Кейбір яһудилер Пауылдың көзін құртпайынша еш нәр татпауға ант берісіп, оны өлтіру жоспарын құрды. 6. Қуанышқа орай, Пауылдың жиен інісі мұны естіп қойып, мыңбасына айтып берді. Мыңбасы Пауылға күзет қойып, оны Кесарияға жеткізді. 7. Содан кейін Пауыл римдік әмірші Фесттің алдында тағы да Ізгі хабарды түсіндірді. 8. <i>Пауылдың Феликске айтқан уағызының бүгінгі күні де маңызы барына көңіл аударыңыз.</i> Негізгі аяттарды үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Оны өлтіру жоспары	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауылды қауіпсіздігі үшін Кесарияға жөнелтіп, әмірші Феликске алдыртты. 2. Содан кейін ол Феликстің алдында тергеліп, яһуди жетекшілері оны ғибадатхананы арамады және бүлік шығарды деп айыптады. 3. Пауыл өзін айыптаушыларға жауап берді. Пауыл Феликс пен тағы да кездесіп, Мәсіх Исаға сену туралы анық айтып берді. (24:24) 4. Басқа әмірші келгенше Пауыл түрмеде екі жыл қалды. 5. Енді Пауыл Фесттің алдына әкелінді. Яһуди жетекшілері қайтадан келіп, оны айыптады. Пауыл Иерусалимге барудан бас тартып, римдік патшаның алдында сотталуын талап етті. Фест оның Римге баратынын айтты. 6. Феликстің алдында Пауылдың өзін қалай қорғағанын талқылаңыз. 7. Пауылдың уағызын естігенде, Феликс неліктен үрейленгені туралы қарастырыңыз. (24:25) 8. Пауыл неліктен римдік патшаның алдында сотталуын талап етті? Бұл нені білдірді? Негізгі аяттарды үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Кесария және әміршілер
ҚАЙТАЛАУ	Күнделікке «Құдайдың уәдесінің орындалуын күту» деген тақырыпта кіріспе жазу.	«Пауыл Исаны жақтайды» деп аталатын граффити тақтасын жасау.

ӨМІРДЕ
ҚОЛДАНУ

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:

1. Түнде Құдайдың Пауылға берген уәдесі туралы ойлану. Осы уәденің орындалуын біреу немесе қандай да бір жағдай тоқтата алар ма еді? Бүгінгі мәсіхшілерге бұл қандай жігер береді?
2. Пауыл Киелі жазбалардың тәлімін айтқанда, Феликс қорқып, үрейленді. **(Елш.ісм. 24:25)** Бұл бізге Құдайдың Сөзінің құдіреті жайында нені көрсетеді?

Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау:

1. **2Тімоте 2:3-аятты** оқып, ойлану. Мәсіхшілер жиі тап болатын қиыншылықтардың тізімін жасау. Сондай уақыттарда жігерлену үшін олар Құдайдың қай уәделеріне жүгіне алады?
2. Ізгі хабардың таралуына көмектесу үшін Пауыл өзінің римдік азаматтығын пайдаланды. Бүгінгі кезде Ізгі хабарды тарату үшін мәсіхшілер өздерінде бар артықшылықтарды қалай қолдана алады?

Деңгей 3-4	А11 3-ДЕҢГЕЙ 3-сабақ. Пауылдың басынан кешкендері Тақырып: Патшаның алдында	А11 4-ДЕҢГЕЙ 3-талдау. Пауылдың тергелуі Тақырып: Кесария және патша
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 25:13-22, 26:13-32</i> Негізгі аят: <i>Елшілердің істері 26:22</i> Біздің үйренетініміз: 1. Пауыл Фесттің алдында өзін қорғап сөйлеуіне тура келді. 2. Агриппа патша мәсіхші болуға жақын болды.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 25:13-27, 26:1-32</i> Негізгі аят: <i>Елшілердің істері 26:28</i> Біздің үйренетініміз: 1. Мәсіхшілер Құдайдың Пауылдың өміріне араша түскеніне сенеді. Фест Пауылды өлім жазасына лайықты емес деп тапса, Агриппа оны босату керек деп санады. 2. Пауыл Ізгі хабарды анық жариялады және Агриппаның мәсіхші болуға көзін жеткізуді қалады.
ТАНЫСТЫРУ	Балалардан біреудің қалай мәсіхші бола алатыны жөнінде ойларын сұраңыз. Адамдарды күштеп Исаға сендіре алмайтынымызды түсіндіріңіз. Кейде адамдар істеуге мәжбүр болған нәрсеге бәрібір сенімсіз болып қалатыны жайлы мысалдар ойластыруға тырысыңыз.	Мәсіхшілер өз сенімдері үшін қандай қарсылыққа ұшырайтыны туралы әңгімелесіңіз. Оларға қарсы тұра алу үшін сенушілер не істей алады? Лұқа 21:12-15-аяттарда Мәсіхтің шәкірттеріне берілген уәделер туралы айтыңыз. Бүгінгі әңгімеде бұл уәделер қалай орындалмақ? Соны қарастырайық.
АЯҚТАУ ТОЛЫҚТЫРУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауыл екі жыл түрмеде отырды. Қазір жаңа әмірші Фест келді. Яһудилер оның Пауылды Иерусалимге тергелуге әкелуін қалады, бірақ Пауыл Римде тергелуді қалайтынын айтты. 2. Агриппа патша қарындасы Берникемен бірге Кесарияға келді. Олар тұтқын Пауылды тыңдағысы келді. 3. Пауылды Агриппаның алдына алдыртты. 4. Пауыл оған өз өмірін әңгімелеп, түсіндіріп берді. (26:1-23) 5. Фест оның есінің дұрыс еместігін айтты. Агриппа өзінің мәсіхші болуға көзі жетейін деп қалғанын мойындады. Олар екеуі де Пауылды босатуға келісті, бірақ Пауыл патшаның алдында сотталуды талап еткендіктен, ол Римге баруға тиісті болды. 6. <i>Пауылдың Фесттің алдында өзін қорғауы мен Фесттің үкіміне назар аударыңыз. (26:24-25) Сондай-ақ, Пауылдың Агриппаны мәсіхші болуға көзін жеткізуге қалай тырысқанын қарастырыңыз.</i> 7. <i>Агриппаның мойындаған сөзіне Пауылдың қалай жауап бергенін ойға салыңыз. (26:29)</i> Негізгі аяттарды үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Патшаның алдында	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауыл екі жыл түрмеде отырды. Қазір жаңа әмірші Фест келді. Яһудилер оның Пауылды Иерусалимге тергелуге әкелуін қалады, бірақ Пауыл Римде тергелуді қалайтынын айтты. 2. Агриппа патша қарындасы Берникемен бірге Кесарияға келді. Олар тұтқын Пауылды тыңдағысы келді. Пауылды Агриппаның алдына алдыртты. 3. Пауыл оған өз өмірін әңгімелеп, түсіндіріп берді. (26:1-23) 4. Фест оның есінің дұрыс еместігін айтты. Агриппа өзінің мәсіхші болуға көзі жетейін деп қалғанын мойындады. Олар екеуі де Пауылды босатуға келісті, бірақ Пауыл патшаның алдында сотталуды талап еткендіктен, ол Римге баруға тиісті болды. 5. <i>Пауылдың Фесттің алдында өзін қорғауы мен Фесттің үкіміне назар аударыңыз. (26:24-25) Сондай-ақ, Пауылдың Агриппаны мәсіхші болуға көзін жеткізуге қалай тырысқанын қарастырыңыз.</i> 6. <i>Агриппаның мойындаған сөзіне Пауылдың қалай жауап бергенін ойға салыңыз. (26:29)</i> Негізгі аяттарды үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Кесария және патша
ҚАЙТАЛАУ	«Көзіңіз жетті ме?» деген тақырыпта қауым постерін жасауды балалардан сұрау.	Бүгінгі әңгімені қайталау және келесі тұжырымды талқылау: «Көндіру мәжбүрлегеннен әлдеқайда жақсы». Осы тұжырымның бүгінгі үйренген сабағымызға қандай қатысы бар?
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: 1. Осы үзіндіде Пауылдың Ізгі хабарды таратуға көзқарасын және бұл бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайтынын қарастыру. 2. Егер орынды болса, бір бала екінші баланы мәсіхші болуға көзін жеткізіп, көндіруге тырысуға болады.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: 1. Елшілердің істері кітабындағы яһуди жетекшілері мен римдік басшылардың Ізгі хабарға деген көзқарастарын салыстыру. Адамдардың Ізгі хабарға көзқарастары жайында біз қандай сабақ үйрене аламыз? 2. Бүгінгі талдау қазіргі кездегі Ізгі хабардың таратылуы бойынша мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды?

Деңгей 3-4	A11 3-ДЕҢГЕЙ 4-сабақ. Пауылдың басынан көшкендері Тақырып: Кеме апаты	A11 - ДЕҢГЕЙ 4 4-талдау. Пауылдың тергелуі Тақырып: Жерорта теңізіндегі кеме апаты
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 27:13-14, 20-44; 28:1-9</i> Негізгі аят: <i>Елшілердің істері 27:25</i> Біздің үйренетініміз: 1. Өмірде кездесетін әрбір жағдайдан өтуге Құдай бізге көмек беретінін уәде етеді. Бұл туралы Киелі кітап үйретеді. 2. Киелі кітапта Құдайдың мақсаты әрқашан жүзеге асатыны айтылған.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Елшілердің істері 27:1-44; 28:1-10, 28-31</i> Негізгі аят: <i>Елшілердің істері 27:24-25</i> Біздің үйренетініміз: 1. Біздің өмірімізде болатын әрбір жағдай Құдайдың қолында екенін және олардан өтуге Құдай көмектесуге уәде еткенін Киелі кітап растайды. 2. Ізгі хабарды естуден біреу бас тартқанда, екіншіге оны есту мүмкіндігі тиеді.
ТАНЫСТЫРУ	Қандай да бір дауылға тап болған кез болды ма? Балалардан сұраңыз. Сол жағдайда олар қандай сезімде болғандарын және одан қалай шыққандарын қарастырыңыз. Бұл оқиғаларды Пауылдың кеме апатына ұшыраған кезімен байланыстырыңыз.	Балалармен қорқыныш жайында талқылаңыз. Олардың неден қатты қорқатындарын сұраңыз. Қорқынышты жағдайларда Құдайдың уәделерінің маңыздылығы жайында қарастырыңыз. (Забур 22:4)
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауыл Римге кемемен жол жүріп бара жатты. Пауыл оларға қыста жолға шықпауға кеңес бергенмен, ешкім оны тыңдамады. 2. Қатты дауыл көп күнге созылды. Бір түні Пауыл аян алып, оған кемедегілердің бәрі аман қалатыны туралы айтылды. Ол кемедегілерге өзінің Құдайға сенетінін және барлығы Оның айтқанындай болатынын жеткізді. 3. Ақырында олар Мальта аралына жақындады. Кемені жағаға жақындатты, 276 адамның бәрі аман-есен жағаға жетті. 4. Мальта тұрғындары оларға мейірімділік көрсетті. Ал Пауыл сол аралда бірнеше кереметтер жасады. 5. <i>Құдай Пауылды дауыл кезінде қалай жігерлендіргеніне ерекше назар аударыңыз.</i> 6. <i>Киелі кітапта мәсіхшілер еш қиындыққа ұшырамайтыны айтылмаған.</i> 7. <i>Мәсіхшілер өмірдің дауылына тап болғанда, Құдайдың Өзі де, құдіреті де олармен бірге екенін білетінін балалардың есіне түсіріңіз.</i> Негізгі аятты үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Кеме апаты	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Пауыл Римге кемемен жол жүріп бара жатты. Олар Критте қиындыққа тап болғандықтан, Пауыл қыста жолға шықпауға кеңес берді, бірақ ешкім оны тыңдамады. 2. Қатты дауыл көп күнге созылды. Кемедегілердің құтқарылуға деген үміті үзіле бастады. 3. Бір түні Пауыл аян алып, оған кемедегілердің бәрі аман қалатыны туралы айтылды. Ол кемедегілерге өзінің Құдайға сенетінін және барлығы Оның айтқанындай болатынын жеткізді. Он төрт күн бойы нәр татпаған кемедегілерді Пауыл жүрек жалғап алуға жігерлендірді. Олар құрлыққа жақындап келе жатты. 4. Ақырында олар Мальта аралына жақындады. Кемені жағаға жақындатты, 276 адамның бәрі аман-есен жағаға жетті. 5. Мальта тұрғындары оларға мейірімділік көрсетті. Ал Пауыл сол аралда бірнеше кереметтер жасады. 6. Соңында олар Римге жетті. Пауылды жеке үйге қамады, бірақ ол адамдарға Иса туралы айту мүмкіндігін қолданды. 7. <i>Құдай Пауылды дауыл кезінде қалай жігерлендіргеніне ерекше назар аударыңыз.</i> 8. <i>Киелі кітапта мәсіхшілер еш қиындыққа ұшырамайтыны айтылмаған.</i> 9. <i>Мәсіхшілер өмірдің дауылына тап болғанда, Құдайдың Өзі де, құдіреті де олармен бірге екенін біліп, сенімді бола алады.</i> Негізгі аяттарды үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Жерорта теңізіндегі кеме апаты
ҚАЙТАЛУ	Өздерін Пауылдың орнына қойып, болған оқиғаны көз алдарына елестетіп көруін балалардан сұраңыз. Олардың қиындықтан өтіп жатқан досына хат жазуын және осы хатта Римге бара жатқан жолда Құдайдың дауылдан оларды қалай алып шыққанын баяндап беруін өтініңіз. <i>Сол оқиғаны досыңа жігер беру үшін қолдан.</i>	2Қорынттықтар 11:21-33 және 2Тімоте 4:16-18-аяттарды оқу. Осы екі үзіндінің бір-бірімен қандай байланысы бар екенін талқылау.

ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: 1. Пауылдың кеме апатына ұшырауы туралы әңгіме қазіргі сенушілерге қандай жігер береді? 2. Киелі кітапта Құдайдың басқа да адамдарды (мысалы, Жүсіп, Даниял) қиын жағдайлардан алып шыққаны туралы әңгімелерден біз нені үйрене аламыз?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: 1. Бүгін оқыған Пауылдың өміріндегі оқиғалар туралы ой толғау және Құдайдың адалдығы оның өмірінде қалай анық көрінгенін ескеру. 2. «Табандылық» деген сөздің мағынасын сөздіктен қарау. Бұл қасиет Пауылдың өмірінен қалай байқалады? Қазіргі мәсіхшілер табанды болуға қалай жігерлене алады?
-----------------------	---	---

Деңгей 3-4

	A12 3-ДЕҢГЕЙ 1-сабақ . Иса Мәсіхтің алғашқы туылған күні Тақырып: Мүмкін емес!	A12 4-ДЕҢГЕЙ 1-талдау. Құтқарушының дүниеге келуі Тақырып: Періштенің хабары
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Лұқа 1:5-20, 57-66</i> Негізгі аят: <i>Лұқа 1:37</i> Біздің үйренетініміз: 1. Зәкәрия мен Елізабет Құдайдың дұғаға жауап беретінін өз көздерімен көрген егде ерлі-зайыптылар болатын. 2. Құдай үшін мүмкін емес ештеңе жоқ екенін Киелі кітап растайды.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Матай 1:18-25 және Лұқа 1:26-38</i> Негізгі аят: <i>Матай 1:21</i> Біздің үйренетініміз: 1. Жүсіпке Исаның өмірі туралы маңызды нәрселерді айтып берген періште Оның дүниеге келуін алдын ала дәлме-дәл хабарлаған еді. 2. Мәриямға да Киелі Рухтан бала көтеретіні туралы айтылған болатын.
ТАНЫСТЫРУ	Кейде адамдар Құдайдың дұғаға жауап беруін көру үшін, шыдамдылықпен күтулері қажет екені жайында әңгімелесіңіз. Зәкәрия мен Елізабеттің жағдайын және олар дұғаларына жауапты ұзақ уақыт күткендіктен, ол мүмкін емес сияқты болып көрінгенін түсіндіріңіз.	Әлемде керемет оқиғалар орын алғанда, олардың қалай тез тарап кететінін ойлашы. Алайда, оқиға болмай тұрып, ешкім оның болатынын алдын ала нақты болжай алмайды. Киелі кітапта Құдайдың ғана солай істей алатыны айтылған! Жүсіп те, Мәриям да Иса туылмай тұрып, Оның дүниеге келетіні туралы Құдайдан хабар алды.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Зәкәрия мен Елізабет балалы болуды аңсағандарын түсіндіріңіз. Киелі кітаптағы ерте замандарда Таяу Шығыста балалы болмаған ерлі-зайыптылар ұят пен қайғы-қасіретті бастарынан кешкенін балаларға түсіндіріңіз. 2. Зәкәрияның діни қызметкер ретінде ғибадатханада қызмет ету артықшылығы болды. 3. Зәкәрияға періште келгенде, ол қорқып кетті. Періште оған Елізабеттің ұлды болатынын, ол Құдайдың көз алдында ұлы болатынын және адамдарды Иеміздің келуіне дайындайтынын айтты. (<i>Лұқа 1:17</i>) 4. Зәкәрия балалы болатындай өздерінің тым қартайғандарын айтты. Ол Жаратқан Иенің сөзіне сенбегендіктен, осы сөздер орындалғанға дейін оның сөйлей алмайтын мылқау болатынын періште айтты. 5. Бала дүниеге келгенде, Елізабет оның Жақия деп аталатынын айтты, ал Зәкәрия мұны жазуы арқылы растады. Сол сәтте-ақ Зәкәрияға қайтадан тіл бітіп, ол Киелі Рухқа кенеліп, Жақияның істейтіндері туралы пайғамбарлық сөздер айтты. 6. <i>Көршілерінің не істегендері туралы қарастырыңыз. (1:65-66)</i> 7. <i>Елізабет Зәкәриямен салыстырғанда періштеге қалай жауап берді?</i> Негізгі аятты үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-сабақты аяқтау. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Мүмкін емес!	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Мәриям Жүсіпке айттырылған болатын. Содан кейін Мәриямға Киелі Рухтың құдіретімен ұл табатыны туралы хабар айтылды. 2. Жүсіп Мәриямның аяғы ауыр екенін естігенде, ол ешкімге білдірмей келісімдерінен бас тартпақ болды. Алайда, түсінде оған сәбидің дүниеге келуі, соның себебі және Оның дүниеге келуі арқылы орындалатын пайғамбарлық сөздер туралы аян берілді. 3. Жүсіп те, Мәриям да өздері естіген хабарға сенді және Жүсіп өзіне берілген нұсқау бойынша Баланың Атын Иса деп қойды, «себебі Ол халқын күнәларынан құтқаратын болады». 4. <i>Мына сұрақтарды қарастырыңыз:</i> 1. <i>Иса неліктен әдеттегі жолмен емес, Киелі Рухтың құдіретімен туылды?</i> 2. <i>Оның жер бетіндегі әке-шешесі ретінде неліктен Мәриям мен Жүсіп таңдалды?(Олардың ата-бабаларының шежіресіне қараңыз. Матай 1 және Лұқа 3)</i> 3. <i>Құдай Өзінің жалғыз Ұлын неліктен осы әлемге жіберді?</i> Негізгі аятты үйретіп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 1-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Періштенің хабары
ҚАЙТАЛАУ	«Мүмкін емес жағдай мүмкінге айналды» деген тақырыпта балалар мүмкін емес сияқты болып көрінсе де іске асқан жағдайлар туралы Киелі кітап әңгімелерінен мысалдар жазуын сұраңыз.	Исаның осы әлемге келуі сенушілер үшін қандай мағына береді? 2Қорынттықтар 9:15-аятты оқып, балалардан алғыс дұғасын жазуды сұраңыз.

ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: 1. Қазіргі кезде періштелер адамдарға көрінеді деп ойлайсыңдар ма? Неге? Неге көрінбейді? 2. Зәкәрияның сенбегеніне қарамастан, Құдай оның ұл сұрап сиынған мінажатына жауап берді. Бұл қазіргі сенушілерге қандай жігер береді?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: 1. Сенуге қиын әрі күдіктенетін уақыттарда бүгінгі әңгімедегі Мәриям мен Жүсіптің сенімдері қазіргі мәсіхшілерге қалай жігер бола алады? 2. Иса дүниеге келген кезде, бүгінгі оқыған үзінділердегі қай пайғамбарлық сөздер орындалды?
Деңгей 3-4	A12 3-ДЕҢГЕЙ 2-сабақ. Иса Мәсіхтің алғашқы туылған күні Тақырып: Ерекше тапсырма	A12 4-ДЕҢГЕЙ 2-талдау. Құтқарушының дүниеге келуі Тақырып: Патшаның жарлығы
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Лұқа 1:26-38</i> Негізгі аят: <i>Лұқа 1:38</i> Біздің үйренетініміз: 1. Құдай Мәриям мен Жүсіпті ерекше жолмен қолдануды таңдады. 2. Мәсіхшілер Құдайдың Ұлы Исаның дүниеге келуі кереметпен болғанына сенеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Лұқа 2:1-7</i> Негізгі аят: <i>Лұқа 2:7</i> Біздің үйренетініміз: 1. Рим Империясының басшыларын Цезарьлар деп атайтын. 2. Цезарь жарлық шығарды, бұл дегеніміз Мәриям мен Жүсіптің тіркелулері үшін Бетлехемге баруларына тура келді. Осылай Кене Өсиеттегі пайғамбарлық сөз орындалды.
ТАНЫСТЫРУ	Бала дүниеге келгенде, алдымен оған есім беретіні туралы ой салыңыз. Исаның көптеген есімдері мен атаулары бар. Исаның қалай дүниеге келгені туралы <i>Лұқа 1 және 2, Матай 1 және 2-тараулардағы</i> әңгіменің басынан аяғына дейін көз жүгіртіп, Оның кейбір есімдері мен атауларын талқылаңыз.	Киелі кітаптан берілген үзіндіні балаларға оқып беріңіз. Олардан кішкентай топтарға бөлініп, оқылған үзіндіде аталған жер атаулары мен адамдардың есімдерін Киелі кітапқа қарамай, жазуларын сұраңыз. Содан кейін үзіндіні қайта оқып, жауаптарын тексеріңіз.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Мәриямнің бойжеткен кезі еді және Жүсіпке айттырылған болатын. 2. Оған Жәбірейіл періште келді. «Құдай жарылқаған жан!..» - деген сөзді естігенде, селк етіп, ойланып тұрып қалды. 3. Періште оның Ұл табатынын, Оның атын Иса деп қоятынын хабарлады. Ол Құдай Тағаланың Ұлы деп аталып, Құдай Оған арғы атасы Дәуіттің тағын сыйлайтынын айтып берді. 4. Мәриям пәк қыз болғандықтан, бұл қалай болатынын сұрады. Періште оған Киелі Рухтың құдіретімен құрсақ көтеретінін түсіндірді. 5. Мәриямның жауабы өте таңқалдырады. Ол: «Мен - Жаратқан Иенің күңімін, айтқаныңыз болсын!» - деді. 6. <i>Мәриям өзінің жарылқанғанын және Ұл табатынын естігенде, не ойлады екен? Сендер қалай ойлайсыңдар? 46, 47-аяттарды да қараңыз.</i> 7. <i>"Құдайға мүмкін емес ештеңе жоқ." Адамның ойынша мүмкін емес жағдайда туылған Киелі кітаптағы басқа да балалар туралы қарастырыңыз. Мысалы, Елізабет, Ханна, Сара.</i> Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Ерекше тапсырма	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Мәриям мен Жүсіптің екеуі де Дәуіт патшаның ұрпақтары болатын. Сондықтан тіркелу туралы жарлық шыққанда, олар Бетлехемге барулары керек болды. 2. Бұл қала кем дегенде жүз он шақырымдай жерде орналасқан және Мәриямның босанатын уақыты таяп қалғандықтан, ол үшін өте ауыр жол болатын. Сол кезде Бетлехемге жан-жақтан адам көп жиналған еді. Сондықтан олар мал қораға немесе үңгір сияқты бір жерге түнеуге мәжбүр болды. 3. Осындай өте қарапайым әрі тым нашар жағдайда Иса дүниеге келді. 4. Миха пайғамбар айтып кеткендей, Исаның Бетлехемде дүниеге келуі үшін қаншама нәрсенің орындалуы қажет болғаны туралы ойланып, осылардың бәрін іске асырған Құдайдың құдіретін балалармен бірге тамашалаңыз. (<i>Миха 5:2</i>) 5. <i>Жохан 3:16 мен Ғалаттықтарға 4:4-аяттарды оқып</i>, әркім болған керемет оқиғаны түсіне алуы үшін осы аяттардың мағынасын қарастырыңыз. Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 2-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Патшаның жарлығы

ҚАЙТАЛАУ	Келесі сұрақтарға жауап беру: 1. Періштенің есімі кім? 2. Мәриямның бұл жаңалыққа берген алғашқы жауабы қандай болды? 3. Осыдан кейін ол қандай сезімде болды? (46, 47-аяттар)	Келесі сұрақтарға жауап беру: 1. Өзің тұрып жатқан жерден жүз он шақырымдай жерде орналасқан ауылды немесе қаланы ата. 2. Жүгің ауыр болмаса да, осы қашықтықты жаяу жүргің келер ме еді? 3. Иса дүниеге келгенде, айналасында не болды? Қазіргі кездегі балалардың туылуынан қандай айырмашылығы болды?
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: Киелі кітаптан берілген үзіндіні балаларға оқып беріңіз. Олардан шағын топтарға бөлініп, оқылған үзіндіде аталған жер атаулары мен адамдардың есімдерін Киелі кітапқа қарамай, жазуларын сұраңыз. Содан кейін үзіндіні қайта оқып, жауаптарын тексеріңіз. Үзіндіде жазылғандардың әрқайсының маңыздылығы туралы қарастырыңыз.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: Осы оқиғаның басынан аяғына дейін Жүсіптің қандай сезімде болғаны туралы ойланыңыз. Жағдайға қарамастан оның Құдайға мойынсұнғанын қарастырыңыз. Оның өмірінен қазіргі сенушілер нені үйрене алады?

Деңгей 3-4

	A12 3-ДЕҢГЕЙ 3-сабақ. Иса Мәсіхтің алғашқы туылған күні Тақырып: Бетлехем	A12 4-ДЕҢГЕЙ 3-талдау. Құтқарушының дүниеге келуі Тақырып: Малшылардың келуі
	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Лұқа 2:1-20</i> Негізгі аят: <i>Лұқа 2:11</i> Біздің үйренетініміз: 1. Иса Мәсіхтің қиыншылықта әрі жоқшылықта дүниеге келуі Құдайдың жоспары болатын. 2. Киелі кітапта болған жағдайлардың бәрі Құдайдың қолында болғанын және бұл әлі күнге дейін солай екені айтылған.	Киелі кітаптың назар аударатыны: <i>Лұқа 2:8-20</i> Негізгі аят: <i>Лұқа 2:11</i> Біздің үйренетініміз: 1. Малшылар малдарын күзетіп жатқанда, оларға періште келді. 2. Олар естігендеріне сеніп, бірден әрекет етті.
ТАНЫСТЫРУ	Балалардан тарихта болған елеулі оқиғаларды атауларын сұраңыз. Құдайдың Ұлының дүниеге келуі ең маңызды оқиға болғанын түсіндіріңіз. Бүгінгі үзіндідегі барлық оқиғаларды көрсететін уақыт сызығын сызыңыз.	Шағын топқа бөлініп, осы үзіндіні қойылым етіп көрсету. Қолда бар заттарды пайдалану. Мысалы, орамалды малшылардың шапаны ретінде қолдану.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Мәриям мен Жүсіптің екеуі де Дәуіт патшаның ұрпақтары болатын. Сондықтан тіркелу туралы жарлық шыққанда, олар Бетлехемге барулары керек болды. 2. Бұл қала кем дегенде жүз он шақырымдай жерде орналасқан және Мәриямнің босанатын уақыты таяп қалғандықтан, ол үшін өте ауыр жол болатын. 3. Сол кезде Бетлехемге жан-жақтан адам көп жиналды. Сондықтан олар мал қора немесе үңгір сияқты жерге түнеуге мәжбүр болды. Осындай қарапайым әрі нашар жағдайда Иса дүниеге келді. 4. Біз Иса Мәсіх түнде туылды деп шамалаймыз. Сол уақытта ояу болған азғана адамдардың бірі малшылар болатын. 5. Олар Құтқарушы Иеміз Мәсіхтің дүниеге келгені туралы хабарды қабылдады. 6. Малшыларға Құдайды мадақтаған періштелердің үлкен тобы көрінді. 7. Малшылар Бетлехемге барып, сол жақта не болғанын өз көздерімен көруді ұйғарды. Олар Мәриям мен Жүсіпті және Нәрестені көрді. 8. Олар көрген адамдардың бәріне осы хабарды айтып берді де, Құдайды мадақтап, қайтып кетті. 9. <i>Киелі кітаптың осы үзіндісінде де, басқа</i>	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: 1. Біз Иса Мәсіх түнде туылды деп шамалаймыз. Сол уақытта ояу болған азғана адамдардың бірі малшылар болатын. 2. Олар Құтқарушы Иеміз Мәсіхтің дүниеге келгені туралы хабарды қабылдады. 3. Малшыларға Құдайды мадақтаған періштелердің үлкен тобы көрінді. 4. Малшылар Бетлехемге барып, сол жақта не болғанын өз көздерімен көруді ұйғарды. Олар дәл өздеріне айтылғандай, Мәриям мен Жүсіпті және Нәрестені тапты. 5. Олар көрген адамдардың бәріне осы хабарды айтып берді де, Құдайды мадақтап, қайтып кетті. 6. <i>Құдай осы адамдар жұмыс істеп жатқан кезде, Өзінің періштесі арқылы оларға келгенін қарастырыңыз. Біз де күнделікті шаруамызбен айналысып жатқанда, Құдай бізге сөйлей алатынын Киелі кітап анық айтады.</i> 7. Мәсіхшілер Құдайдың өздеріне көрсеткен ұлы сүйіспеншілігіне бола, Ол туралы басқаларға айтуы керек екеніне сенеді.

	жерлерінде де жазылғандай, періштелер пайда болғанда, олар алдымен қалай амандасқандары туралы қарастырыңыз. 10. Жас ерлі-зайыптылар сапар бойы өздерін қалай сезінгендері туралы ой бөлісіңіз. 11. Малшылар туралы әңгімеден қандай сабақ үйрене алатынымыз жөнінде талқылаңыз.	
	Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Бетлехемде	Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 3-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Малшылардың келуі
ҚАЙТАЛАУ	Сұрақтарға жауап беру. 1. Періштелер неліктен адамдармен 10-аяттағы сияқты сәлемдеседі деп ойлайсың? 2. Құдай малшылар сияқты қарапайым адамдарға бүгін де періштелер арқылы сөйлейді деп ойлайсың ба? Неге? Неге сөйлеспейді? 3. Мәриям қандай ойда болды деп ойлайсың? (19-аят)	Сұрақтарға жауап беру. 1. Періштелер қастарынан алыстап кеткенде, малшылар неліктен бірден әрекет етті деп ойлайсың? 2. Малшылар өздерінің жылдам әрекеттері үшін жарылқанды. 20-аятты бүгінгі сөздермен ауыстыра аласың ба? 3. Мәриямда қандай ойлар болды деп ойлайсың? (19-аят)
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: Өзіңді малшымын деп, көз алдыңа елестей көр. 8-17-аяттарды пайдаланып, өзіңнің не естігеніңді, не көргеніңді және не сезінгеніңді күнделікке жаз.	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: Егер мәсіхшілер Құдайдың әрбір /айтқан сөзін жазып отыратын күнделік ұстаса, онда мұның оларға қандай пайдасы болар еді?
Деңгей 3-4	A12 3-ДЕНГЕЙ 4-сабақ. Иса Мәсіхтің алғашқы туған күні Тақырып: Ғибадатханада	A12 4-ДЕНГЕЙ 4-талдау. Құтқарушының дүниеге келуі Тақырып: Ғұламалардың сый-тартулары
	Киелі кітаптың назар аударатыны: Лұқа 2:22-40 Негізгі аят: Лұқа 2:30 Біздің үйренетіміз: 1. Шимон мен Анна Иса Мәсіхтің дүниеге келгеніне қатты қуанды, себебі олар мұның мағынасын түсінді. 2. Мәсіхшілер Құдайдың Исаны осы әлемге жібергені үшін алғыс білдірудің маңызды екеніне сенеді.	Киелі кітаптың назар аударатыны: Матай 2:1-23 Негізгі аят: Матай 2:11 Біздің үйренетіміз: 1. Ғұламалар аса құнды сыйлықтар әкелсе де, Киелі кітап Иса Мәсіхтің Өзі ұлы қазына екенін растайды. 2. Бұл адамдар Исаның өте ерекше Біреу екенін түсінді.

ТАНЫСТЫРУ	Нәресте туылғанда болатын қуаныш туралы ой бөлісіңіз. Исаның дүниеге келуінде қандай айырмашылық болды? Яһудилердің заңы бойынша, ата-аналар баласына ат қою, оны сүндеттеу және ананың тазалануына арнап құрбандық шалып, Құдайға алғыс айту үшін ғибадатханаға барулары талап етілгенін түсіндіріңіз. <i>(Ләуіліктерге 15)</i>	Нәресте туылғанда болатын қуаныш туралы ой бөлісіңіз. Жаңадан туылған нәрестені көру үшін жол жүріп келетін отбасы мүшелері мен достар туралы ескеріңіз. Ғұламаларды таныстырыңыз және олардың ұзақ жол жүргенін айтыңыз. Осы әңгімеде Құдайдың қалайша әрдайым шайтаннан бір қадам алда болғаны жөнінде ой толғаңыз. Үзіндіден мысалдар келтіріңіз.
АЯҚТАУ	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Иса туылғаннан кейін, Оны Иерусалимдегі ғибадатханаға алып барды. - Мәриям мен Жүсіп екеуіне де баланың атын Иса деп қоюға нұсқау берілген еді және олар солай етті де. Олар заңның талабы бойынша, құрбандықтар ұсынды. - Олар сол жерде Шимонды кездестірді. Оған: «Жаратқан Ие жіберген Құтқарушы Мәсіхті көрмей тұрып өлмейсің», - деп айтылған болатын. - Ол Нәрестені қолына алып, Құдайды мадақтады, себебі ол Исаның Құтқарушы екенін таныды. - Олар сондай-ақ, Анна деген қарт әйелді де жолықтырды. Ол да Құдайды мадақтады және «Иерусалим қаласының құтқарылуын аңсап, күтіп жүргендердің барлығына осы Нәресте туралы хабарды жеткізді». <i>Шимон мен Анна екеуі Исаның ерекше екенін қайдан білгенін қарастырыңыз.</i> <i>Исаның өмірінде болатын жағдайлар жайында айтқан сөздерін қарастырыңыз. (31-32, 34, 35, 38-аяттарды қараңыз)</i> Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-сабақты аяқтаңыз. Көрсетіңіз: В қосымшасындағы FBI қосымшасын қараңыз. Ғибадатханада	Киелі кітаптағы әңгімені таныстырыңыз Талқылаңыз және түсіндіріңіз: - Ғұламалар шығыс жақтан жұлдызды көріп, зерттеулері бойынша жаңа Патшаның туылғанын ұғынып, Оған ізет білдіруді қалады. - Олар жаңа Патша сарайда екен деп ойлап, Иерусалимдегі Ирод патшаға келді. - Ирод өзінің тағына қауіп төніп тұр екен деп ойлап, қатты абыржып, мазасызданды. Ол дін мұғалімдерінен <i>Муха 5:2-аяттан</i> Патшаның Бетлехемде дүниеге келетінін біліп алды. - Ғұламалар Бетлехемге барып, Нәрестені тауып, Оған ізет білдіріп, сый-тартуларын ұсынды. - Олар көрген түстерінде өз елдеріне басқа жолмен қайтулары және Иродқа Нәрестені тапқандары туралы айтпаулары ескертілді. - Жүсіпке Мәриям мен Нәрестені алып, қауіпсіздік үшін Мысырға қашу туралы айтылды. - Ирод өзінің алданғанын түсінгенде, Бетлехемдегі екі жасқа дейінгі ер балаларды өлтіруді бұйырды. - Ақырында Жүсіпке қауіпсіздік сөйлегенін және қайта оралып, Назаретке келіп тұруларына нұсқау берілді. <i>Осының бәрін Құдай жүздеген жылдар бұрын әр түрлі пайғамбарлық сөздер арқылы жоспарлап қойғаны туралы бөлісіңіз. (5-6, 15, 17-18, 23-аяттарды қараңыз)</i> <i>Сонымен қатар, Иродтың шайтанның әрекетін істегені жөнінде де қарастырыңыз.</i> Негізгі аятты түсіндіріп, балалардың үйреніп алуына жігер беріңіз. 4-талдауды аяқтаңыз. Көрсетіңіз: С қосымшасындағы FBI сілтемесін қараңыз. Ғұламалардың сый-тартулары
ҚАЙТАЛАУ	Шимон Исаның Нұр болатыны жөнінде айтты. Шағын топта немесе екі-екіден нұрдың барлық жақсы әрі пайдалы жақтары туралы қарастырып, бөлісу. 32-аят енді басқаша қалай естіледі? Балалар мәсіхшілердің көмекке мұқтаж болатын кездері туралы ойлансын және олар үшін сиынуын сұраңыз.	Исаға берілген сый-тартуларды қарастырыңыз. Алтын - Оның Патша, мұр - Оның азап шегіп, өлетін Құтқарушы, ал жұпар шайыр Оның мадаққа лайықты Құдай екенін білдірді. Исаның адамзатқа Қазына және Өзін Құтқарушым әрі Ием деп қабылдаған әркімге берілетін тегін Сый екенін талқылаңыз.
ӨМІРДЕ ҚОЛДАНУ	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: Киелі кітап құтқарылудың толық үрдіс екенін нақты айтады. Бұл оқиғаның бір бөлігі ғана емес, қайта өмір бойына жалғасатын үрдісті білдіреді. Мәсіхшілер осы шындықты өмірлерінде қалай қолдана алады?	Осы сабақ бүгінгі мәсіхшілерге қандай шақыру тастайды? Талқылау: - Мәсіхшілер Исаға қандай сый-тарту әкеле алады? - Бүгінгі әңгімеде шайтанның алдап-арбауға тырысқан әрекетін есте сақтап, оның алдамшы екенін дәлелдейтін күнделікті өмірден алынған мысалдар келтіру. Оның қалай әрекет ететінін білу мәсіхшілер үшін қаншалықты маңызды?

А қосымшасы 0 және 1-деңгейлер Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Әңгіменің суреттері	Қолдануға болатын слайдтар
A11	Пауыл	Пауыл (Саул) Антакияда	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Пауыл-cyprus/	(слайд 1, 3-4, 6-7)
		Пауыл (Саул) Кипрде	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-Пауыл-cyprus/	(Деңгей 0: слайд 10-13, Деңгей 1: 10-17)
		Пауылдың Лүдины кездестіруі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-Пауыл-earthquake/	(слайд 4-6)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Пауыл-antioch-philippi/	(слайд 12-13, 15-17)
		Пауыл мен Сыйлас түрмеде	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo-Пауыл-earthquake/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/Is-Пауыл-prison/	(слайд 10-14)
A12	Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	Зәкәрия мен Елізабет	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Is-zachariah/	(слайд 2-5)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/mk-zacharias/	(слайд 3-7)
		Мәриям және Жәбірейіл періште	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Is-mary-angel/	(слайд 4-5)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-zacharias-elizabeth/	(слайд 5)
		Жақияның дүниеге келуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Is-zachariah/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/preschool-zacharias-elizabeth/	(слайд 7-8) (слайд 9-13)
		Исаның дүниеге келуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Is-jesus-born/ https://www.freebibleimages.org/illustrations/birth-jesus-preschool/	(слайд 1, 5-8) (слайд 4-10, 15)

А қосымшасы 2-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Әңгіменің суреттері	Қолдануға болатын слайдтар
A11	Пауыл	Пауыл (Саул) Антакияда	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -cyprus/	(1-7-слайд)
		Пауыл (Саул) Кипрде	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -cyprus/	(8-18- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo- Paul -cyprus/	(8-17- слайд)
		Пауылдың Лүдины кездестіруі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -antioch-philippi/	(10-17- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo- Paul -earthquake/	(3-6- слайд)
		Пауыл мен Сыйлас түрмеде	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/yo- Paul -earthquake/	(7-14- слайд)
A12	Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	Зәкәрия мен Елізабет	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/zechariah-elizabeth/	(1-6- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-002-zechariah/	(2, 4-5, 8-10, 12-18-слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/mk-zacharias/	(3-7, 9-12, 14- слайдтар)
		Мәриям және Жәбірейіл періште	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/christmas-jesus-birth/	(1-5- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-003-birth-announcement/	(1-5, 7-9- слайдтар)
		Жақияның дүниеге келуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/zechariah-elizabeth/	(7-9- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-005-birth-john/	(1, 3, 5-7, 12- слайдтар)
		Исаның дүниеге келуі	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/christmas-jesus-birth/	(12-16- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-007-birth-jesus/	(1-3,5- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-birth/	(1-4, 10-12- слайдтар)

В қосымшасы 3-деңгей Киелі кітаптан тегін суреттер

	Тақырып	Әңгіменің суреттері	Қолдануға болатын слайдтар
A11	Пауыл	Басқалармен бөлісу	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -corinth/	(1-9- слайд)
		Оны өлтіру туралы жоспар	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -arrested-jerusalem/	(17-22- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -felix/	(5, 7-10- слайд)
		Патшаның алдында	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -festus-agrippa/	(5-12- слайд)
		Кеме апаты	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -shipwrecked/	(8, 5, 12-27- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/ Paul -rome/	(1-5- слайд)
A12	Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	Мүмкін емес	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/zechariah-elizabeth/	(1-9- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/photos/zechariah-john/	
		Ерекше тапсырма	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-003-birth-announcement/	(2-4, 9- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/photos/mary-angel/	
		Бетлехемде	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-007-birth-jesus/	(1-13- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/christmas-jesus-birth/	(1-16- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-birth/	(1-4, 9-12- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/photos/shepherds-angels/	
		Ғибадатханада	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/simeon-anna/	
		https://www.freebibleimages.org/photos/simeon-anna-temple/	

С қосымшасы		4-деңгей	Киелі кітаптан тегін суреттер
	Тақырып	Әңгіменің суреттері	Қолдануға болатын слайдтар
A11	Пауыл	Иерусалим және тобыр	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Paul-jerusalem-return/	(12-16- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Paul-arrested-jerusalem/	(3-14, 21-23- слайдтар)
		Кесария және әміршілер	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Paul-felix/	(1-9- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Paul-festus-agrippa/	(1-4- слайд)
		Кесария және патша	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Paul-festus-agrippa/	(5-12- слайд)
		Жерорта теңізіндегі кеме апаты	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/Paul-shipwrecked/	
A12	Иса Мәсіхтің дүниеге келуі туралы әңгімелер	https://www.freebibleimages.org/illustrations/Paul-rome/	(15-16- слайд)
		Періштелердің хабары	
		https://www.freebibleimages.org/photos/joseph-angel/	
		https://www.freebibleimages.org/photos/mary-angel/	(2, 6- слайд)
		Патшаның жарлығы	
		https://www.freebibleimages.org/photos/jesus-birth/	
		https://www.freebibleimages.org/photos/prophecies-birth-jesus/	(6, 7- слайд)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/christmas-jesus-birth/	(12-16- слайд, Періштенің келуі 1-8- слайд)
		Малшылардың келуі	
		https://www.freebibleimages.org/photos/shepherds-angels/	
		Ғұламалардың сый-тартулары	
		https://www.freebibleimages.org/photos/wise-men/	
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/gnpi-009-flight-egypt/	(7, 8, 10- слайдтар)
		https://www.freebibleimages.org/illustrations/bj-jesus-journeys/	(карта 1- слайд)



© Bible Educational Services 2019

www.besweb.com

Registered Charity UK 1186004